**Халым Ботаның**
**«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**
**«Мінез» концептісінің лексика-фразеологиялық сипаты (қазақ және ағылшын тілдері бойынша) тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына**

# АҢДАТПА


**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Зерттеу жұмысының «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез лексемасының психологиялық, педагогикалық және дүниетанымдық зерттелу ерекшеліктері» атты бірінші тарауының «Психологиялық зерттеулер» тақырыбындағы бөлімінде «мінез» ұғымының психология ғылымындағы зерттелу деңгейі, «мінез» лексемасы мен концептісін түсіндіру, мәнін ашу, адам психологиясындағы мінез көріністерін саралау бағыттарындағы б.з.д. Батыс Еуропа философтары мен б.з. зерттеуші-ғалымдарының, орыс ізденушілері мен қазақ ғалымдарының еңбектері теориялық ақпарат ретінде жүйеленіп, сараланды.

«Педагогикалық зерттеулер» атты бөлімде де бірінші бөлімдегі жүйе негізінде мінездің педагогика ғылымындағы зерттелу деңгейі б.з.д. Батыс Еуропа философтары мен б.з. зерттеуші-ғалымдарының, орыс ізденушілері мен қазақ ғалымдарының зерттеу жұмыстары назарға алынып, басты тұжырымдар сараланды.

«Мінез және таным: ұлттық мінез» атты бөлімде «мінез» бен «таным», «ұлттық мінез» ұғымдарының арақатынасы нақты ғылыми тұжырымдар аясында айқындалып, қазақ-ағылшын ұлттарына тән ұлттық таным мен ұлттық мінез ұқсастықтары мен ерекшеліктері талданды.

«Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез концептісін сипаттайтын лексикалық-фразеологиялық бірліктер және ерекшеліктері» атты екінші тараудың «Жағымды мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдер» тақырыбындағы бөлімінде туыс емес екі ұлт мінезіне тән жағымды сипатты білдіретін лексика-фразеологизмдер мағыналық түрі мен жасалу ерекшеліктеріне сай нақты сөздіктер мен көркем шығарма мәтіндері негізінде іріктеліп, салғастырыла талданды.

«Жағымсыз мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдер» атты бөлімде қазақ-ағылшын тілдеріндегі жағымды мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдер екі тілдегі сөздіктер және көркем шығарма мәтіндерінен іріктеліп, мағынасына сай бірнеше түрге жіктеліп, салғастырыла талданды.

«Мінезді сипаттайтын зоонимді компонентті фразеологизмдер» атты бөлімде қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды/жағымсыз мінезді сипаттайтын зоонимді компоненттері бар фразеологизмдер салғастырыла талданды. Туыс емес екі халық мәдениетінің сипаты мен ерекшеліктерін, дүниетанымы мен ділін, ұстанымдарының сол халықтар тілінің құрылымы мен семантикасына әсері сараланды.

«Көркем әдебиеттегі мінез ерекшеліктерінің суреттелуі» атты үшінші тараудың «Қазақ және ағылшын мінезіндегі құндылықтар бойынша ерекшеліктер» тақырыбындағы бөлімінде туыс емес екі ұлт мінезіндегі адами және ұлттық құндылықтар сипатының өзара ұқсастығы мен айырмашылықтары көркем шығарма контексттерінде салғастырыла талданды.

«Мінез түрлерінің гендерлік ерекшеліктері» тақырыбындағы бөлімде қазақ-ағылшын халықтарындағы әйелдер мен ерлердің өзіндік қасиеттері, өмір сүру салттарындағы эмоционалдылық сипаты, ұстанымдары мен белгілі бір жағдайларда өзін ұстау ерекшеліктері, сонымен қатар әр ұлтқа тән гендерлік стереотиптер мен қағидалар аталмыш ұлттар тіліндегі, негізінен сол ұлт өкілі жазған көркем шығарма мәтіндерінің мысалында талданды.

«Мәдениетаралық қатысымдағы мінездің дискурстық сипаты» атты бөлімде туыс емес екі халыққа тән ұлттық этикеттік бірліктер мен дипломатиялық қарым-қатынасындағы ерекшеліктер, әлеуметтік-саяси жағдаяттардағы мінез көріністері, құндылықтардың ауысуына сай мінездің өзгеру сипаты т.б. мәселелер аталмыш тілдердегі нақты дискурстар мысалында талданды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі таңдағы туыс емес тілдер арасындағы салғастырмалы талдауларды жандандыруға, қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» ұғымын айқындайтын лексика-фразеологизмдерді зерттеуге арналған жаңа бағыттарды қалыптастыруға, әдіс-тәсілдердің дамуына, туыс емес халықтар мен олардың тілдеріндегі «мінез» концептісін, мінез түрлерінің вербалдану ерекшелігі мен типтік сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі лексика-фразеологизмдерді салғастырмалы талдау туыс емес халықтың ұлттық мінезіне тән терең мәдени және психикалық айырмашылықтардың тілдегі көрінісін, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі лексика-фразеологизмдердің мағыналық, мазмұндық сипаты, екі халықтың мәдениетаралық қатысым көрінісі айқындалады.

**Зерттеу нысаны.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» концептісінің лексика-фразеологиялық сипатының ұлттық-мәдени ерекшеліктері.

**Зерттеу пәні.** «Мінез» концептісін анықтайтын тілдік бірліктер, оның ішінде жеке адамға тән қасиеттер мен ұлттық мінез ерекшеліктерін сипаттайтын лексика-фразеологизмдер.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық мінез ерекшеліктерін «мінез» концептісінің лексика-фразеологиялық сипаты негізінде салғастыра анықтау.

Аталған мақсатты орындау үшін зерттеу жұмысында мынадай нақты **міндеттер** орындалды:

- «Мінез» лексемасының психология және педагогика ғылымдарында зерттелу ерекшелігін саралау.
- Ұлттық мінез бен ұлттық таным, ұлттық құндылық ұғымдарының байланысында қазақ және ағылшын ұлттық мінезінің сипатын айқындау.

- Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез сипатын білдіретін лексика-фразеологизмдерді жинақтау және жағымды/жағымсыз мінез типтерін анықтау.
- Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерін анықтауда зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдердің рөлін анықтау.
- Қазақ және ағылшын тіліндегі мінез сипаттарын анықтауда көркем шығарма мәтіндерінің рөлін айқындау, соның негізінде екі ұлтқа тән мінез құндылықтарының ерекшеліктерін талдау.
- Екі ұлтқа тән мінез сипатын анықтауда гендерлік ерекшеліктердің жүйесін саралау және қазақтар мен ағылшындардың типтік мінез ерекшеліктерін қабылдаудағы мәдениетаралық қатысым сипатын талдау, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауда мінездің дискурстық сипатын талдау.

**Зерттеу жұмысының әдістері.** Зерттеу жұмысында этномәдени деректерге шолу жасау үшін лексикалық, сипаттамалық, аналитикалық, семантикалық талдау, тілдік-мәдени талдау және салғастырмалы талдау әдістері, сондай-ақ ой қорыту, синтездеу және этнолингвистикалық, лингвомәдениеттану әдістері жүзеге асырылды.

Екі ұлтты басқа ұлттардан ерекшелендіріп тұратын мінез-құлық сипаттары сұрыпталып, әр мінез атауларына жеке-жеке мағыналық түсіндірме, сипаттама берілді, әрі сол ұлттық мінездің лексика-фразеологиялық сипаты мен көркем мәтіндердегі көрінісі нақты екі ұлтқа тән көркем шығармалардың негізінде талданды.

**Зерттеудің жұмысының теориялық (әдіснамалық) негізі.** Зерттеу жұмысында «мінез» ұғымының психологияда зерттелуі Платон, Теофраст, Ф. Йозеф Галль, Д.Б. Уотсон, З. Фрейд, А. Маслоу, А. Адлер т.б., ресейлік зерттеушілерден Н.О. Лосский, П.Ф. Лесгафт, А.П. Нечаев, Б.Г. Ананьев т.б., қазақ зерттеушілерінен Ж. Аймауытов, Қ. Жарықбаев, Қ. Жүкеш, Н. Елікбаев, Т. Сәрсенбаев, Н. Жұмағұлов, Қ. Арғынбаев, Т.У. Сарсенбаева т.б. еңбектері негізінде сараланды. Педагогикада Ю.А. Клейберг, Л. Б. Шнейдер, Г. Нойнер, К.К. Платонов, қазақ ғалымдарынан Ш. Уәлихановтан бастап, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Т.У. Сарсенбаева, Р.Б. Абсаттаров, С. Нұрмақова, Ж.Ж. Наурызбай, С. Қалиұлы, Қ.Қ. Шалғынбаева, Ұ.Ә. Есім т.б. еңбектері теориялық негіз болды. «Мінез» ұғымын тіл білімінде зерттеу бойынша қазақ ғалымдарының: Ә. Қайдар, І.К. Кеңесбаев, Т. Қоңыров, Г.Н. Смағұлова, А.Б. Салқынбай, Д.А. Әлкебаева, Ж.А. Манкеева т.б. зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдары негізге алынды.

**Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері.** Зерттеу жұмысында мінез сипатын білдіретін лексика-фразеологизмдерді анықтау барысында М. Өтемісұлы,
А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, О. Бөкей, Д. Исабеков, J. Austen, Ch. Bronte, O. Wilde, J. Galsworthy т.б. қаламгерлердің көркем шығарма мәтіндері негізгі дереккөз қызметін атқарды. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі лексика-фразеологизмдерді жинақтау үшін

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі 1-15 том», «Философия: Энциклопедический словарь А.А. Ивина», «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі», І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі», Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Oxford Dictionary of English Idioms» және https://melodict.com, https://idioms.thefreedictionary.com, https://dictionary.cambridge.org онлайн сөздіктері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

- «Мінез» ұғымына қатысты екі туыс емес тіл лексика-фразеологиялық аспектіде алғаш салғастырылды.
- Ұлттық мінезді және сол ұлт өкілдеріне тән құндылықтар мен қасиеттерді бағалауда ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.
- Екі тілдегі материалдарды негіздеу барысында ұлттық сипаттағы мінез портреті құрастырылды.
- Жалпы адамға және жеке ұлттарға тән мінез түрлері жіктелді.
- Екі ұлттың тіл, ойлау және мәдениетаралық қатынас ерекшеліктері мысалдармен дәйектеліп дәлелденді.
- Ұлттық сипаттағы стереотиптерді қалыптастырудағы лексикалық-фразеологиялық бірліктердің рөлі анықталды.
- Лексика-фразеологиялық бірліктерді аудару бойынша автор тарапынан тура және мағыналық аударманың жаңа ұтымды үлгілері ұсынылды.
- Салғастырмалы лингвомәдениеттанудың теориялық аппараты кеңейтілді.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Зерттеу нәтижелері лексика-фразеологизмдерді салғастырмалы зерттеудің, тұжырымдамалардың және лингвомәдениеттанудың дамуына ықпал етеді, туыс емес екі халықтың ділі және олардың әлемнің тілдік бейнесі туралы білімін байытады. Сондай-ақ мәдениетаралық байланыстарда пайда болатын коммуникативті сәтсіздіктер мен түсініспеушіліктерді талдаудың теориялық негізі бола алады.

**Зерттеудің практикалық құндылығы.** Зерттеу материалдарын қазақ және ағылшын мәтіндерін аудару тәжірибесінде, мәдениетаралық коммуникация бойынша оқу құралдарын әзірлеуде, лексикология, фразеология, салыстырмалы лингвистиканы оқытуда пайдаланылуға болады. Сонымен қатар зерттеу жұмысының практикалық құндығы зерттеу нәтижелерін лексика, фразеология, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация арқылы тілдерді оқыту кезінде білім беру үдерісінде қолдануға, салғастырмалы қазақ-ағылшын фразеологиялық сөздігін, аударылатын бірліктер бойынша оқу құралдарын жасауда, аударма саласында, әсіресе көркем мәтіндер мен ұлттық таңбаланған лексика-фразеологизмдерді аударуда қолданбалы маңызға ие болатындығына негізделген.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.**

1. «Мінез» тұжырымдамасын лексика-фразеологиялық сипаты негізінде зерттеу когнитивті, эмоционалды-бағалау, мінез-құлық белгілерін қамтитын күрделі көп компонентті лингвомәдени білімді дамытуға негіз болады. Қазақ-

ағылшын тілдеріндегі «мінез» тұжырымдамасын талдау арқылы жеке тұлға, оның іс-әрекеттері, құндылықтары т.б. идеяларды қамтитын семантикалық әрі мәдени тұрғыдан бай кешеннің қалыптасу үдерісін анықтауға мүмкіндік туды.

2. Лексика-фразеологиялық бірліктер «мінез» тұжырымдамасының негізгі вербалдандыру құралы болып табылады және ана тілінде сөйлейтіндердің менталитетінің ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын лексика-фразеологиялық бірліктердің типтік этникалық және моральдік түсініктермен байланысын дәлелдейді.

3. «Мінез» тұжырымдамасының құрылымы әмбебап және этномәдени ерекшеліктерге ие. Әмбебап сипаттары (мысалы: мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық) екі тілде де көрінеді, бірақ олардың лексика-фразеологиялық көрінісі мен мәдени аксиологиясының туыс емес екі тілде берілу әдіс-тәсілдері әртүрлі.

4. Қазақ және ағылшын халықтарының лингвомәдениеттерінде «мінез» тұжырымдамасы әлеуметтік-мәдени белгілер, ұлттық ерекшеліктер және тұрақты ұлттық мінез-құлық белгілері арқылы тілдік тұрғыда әртүрлі тәсілдермен көрініс табады.

5. «Мінез» тұжырымдамасының этнолингвистикалық және лексика-фразеологиялық ерекшеліктері ұлттық менталитет пен мәдени құндылықтардың көрінісі болып табылады.

6. Зерттеу әртүрлі тілдік және мәдени жүйелері бар халықтар арасындағы мәдениетаралық қатысым мен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді. Мінез ерекшеліктерін сипаттаудағы туыс емес екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау арқылы жаһандық қарым-қатынас үшін қажетті толеранттылық, мәдени құрмет және ойлау икемділігі қалыптасады.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануымдары.** Зерттеуден алынған негізгі нәтижелер негізінде 13 мақала жарық көрді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда – 6, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында – 5, Башкент университетінде өткен «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT – лингвистиканың зерттелуі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өткен «Жаһандану дәуіріндегі тіл ғылымы, филология және түркітанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық түркологиялық конгрессте – барлығы 2 бейне-баяндама (офлайн) оқылды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.